



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 желтоқсан N 1696

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы N 1716 P001716\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 49-50, 567-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыру жөніндегі 2000-2001 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 1.10 - жолда:

"Іс-шара" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнаулы байланыс қызметінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдардың ерекше маңызды хат-хабарларын және қымбат металдар, зергерлік бұйымдар, аспаптар, аппаратуралар мен қорғаныс өнеркәсібінің құрастырушы бұйымдары бар арнаулы жөнелтімдерін, сондай-ақ мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді және оларды тасығыштарды автомобильдермен

тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу";

"Аяқтау нысаны" деген бағанда "Үкімет қаулысы" деген сөздер

"Бірлескен бұйрық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Орындауға жауаптылар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚР ККМ, ҚР ПМ, Қазпочта (келісім бойынша)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК